

4. **The Republic of Kazakhstan Law “About Education”** with article-by-article comments and the main documents of its realization. Almaty, 2000. P. 336.
5. **Katayev E.** Comprehensive secondary schools of the new type: reality and prospects// Казакстан жоғары мектебі. 1998. №2. Pp. 87–92.
6. **National record** “Education for all”– 2000». P. 152.
7. **Ovsyannikova A.** Innovation at school: character and results// Public Education. 1993. № 6. Pp. 16-27.
8. **Gymnasium regulations** // Kazakhstan Teacher 1996. January, 30.
9. **Lyceum regulations** // Kazakhstan Teacher 1996. January, 30.
10. **Psychological and pedagogical vocabulary for teachers and comprehensive school administrators. Rostov-on Don.,** 1998. Pp.544.
11. **Shevchenko I.N.**The main tendencies of innovation changes in the Educatiobal system of the republic of Kazakhstan // Management in Education. 2000. № 3. Pp. 17-27.
12. **Shevchenko I.N.** The development of innovative Primary school in the republic of Kazakhstan (1991 – 2002 years): Candidate of Pedagogic Sciences dissertation. Karaganda State Univeersity, Karaganda, 2004. Pp.148.
13. **The Education for All.** Teacher-Training Package // Edited by S.M. Haggis, Jomtjen, vol.1, 1995, 158 p., vol.2, 1995, 121 p. 330.

ӨОЖ 373

БІЛІМ – САРҚЫЛМАЙТЫН БАЙЛЫҚ

Сартаева Г. К. – педагог-зерттеуші, *Математика пәнінің мұғалімі Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейі, Қарағанды облысы.*

Мақалада Ы.Алтынсарин еңбектері мен ағартушылық идеяларының іс-тәжірибесінде қалай көрініс тапқанын, тәрбиелік мәні зор әңгімелері мен өлең шумақтарының бүгінгі күндегі өзектілігі айтылған. Математиканы оқыту үрдісінде білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік дамуын жаңартылған білім мазмұны идеяларымен ұштастыра қамтамасыз ету екені көрсетілген.

Кілт сөздер: білім, оқыту әдісі, үрдіс, тенденция, зияткерлік, құндылық, педагогика, теория, практика, технология.

Ы.Алтынсарин шығармаларындағы ағартушылық идеяларын өзінің іс-тәжірибесінде пайдалану әрбір ұстаздың оқыту әдістемесінде бар екені сөзсіз.

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! – деген оқу, білімге шақыру ғана емес, оны бойға сіңіре отырып, өнеге алуына үндейтін шумақтарымен, оқу-білімнің қазына, таусылмайтын, сарқылмайтын байлық, еңбекпен табылатыны Ыбырай атамыз шығармаларының өзекті тақырыбы болғаны да баршамызға мәлім.

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар, – деген кішкентайымыздан көкірегімізде жатталып қалған осы өлең жолдарының маңызы қанша жылдар ғана емес, ғасырлар өтсе де, жас ұрпақты тәрбиелеуде ешқашан тәрбиелік мәнін жоймайтынын айтқым келеді.

Қазіргі білім берудің даму тенденцияларында негізгі бағыттары көрсетіліп, сол бағыттар бойынша мақсаттарды іске асыру үшін анықталған бірнеше міндеттердің бірі – білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету екені айтылған. 2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлы тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады... Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Өзінің өнегелі үлгісі негізінде баланы тәрбиелеу – мақсатқа жеткізетін бірден-бір дұрыс тәрбие көзі болып табылады делінген әдістемелік нұсқау хатта. Олай болса, Ы.Алтынсарин шығармаларындағы өзекті мәселелер бүгінгі күннің құндылықтарынан алыс емес екенін байқай аламыз.

Ы.Алтынсарин еңбектеріндегі жақсы мен жаманды, жарық пен қараңғылықты, білімділік пен надандықты, жалқаулық пен еңбекқорлықты салыстыра суреттеп көрсетуі оларды жас ұрпақтың айқын танысын деген мақсатынан туындағанын байқауға болады. «Өрмекші, құмырсақ, қарлығаш», «Атым-тай Жомарт», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімелері – еңбекті сүю мен қадірлеуге насихаттаудың басты мысалы болса, «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Мейірімді

бала», «Аурудан аяған күштірек» шығармалары талап қоюшылықтың тәрбиелік мәнін, мейірімділік пен отбасын сүюдің жарқын көрінісін көрсетсе керек.

Қашанда алдында отырған әр оқушының сабаққа қатысып қана қоймай, білсем, үйренсем, меңгерсем деген құштарлығын ояту, қызығушылықпен жұмыс істеуіне қол жеткізу мақсатында «Білімге құштарлықты шыңдау» тақырыбын «Математикадан алған білімін, теорияны, практикада қолдану» тақырыбымен байланыстыра еңбек етіп келемін. Қазірде алған біліміңді өмірде қоғам қажетіне қарай жарату, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге қолдану, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуі басты қағидаға айналды.

Халықтық педагогика мен ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармаларын жаңа мазмұндағы шаралармен ұштастыра отырып, оқушылар мен ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер, мұғалімдер мен ата-аналар арасында өзара түсіністік, сыйластық қарым-қатынасын қалыптастыру бағытында жүргізілген жұмыстар – оқу-тәрбие үрдісіндегі басты мақсат білім сапасын арттырудың таптырмас әдісі. Осындай жұмыстардың қатарына оқушылар мен ата-аналар арасында пікірталас, мұғалімдермен өткізілетін кездесу, оқушылардың шығармашылық жұмыстарының байқауы, білім байқауы, ата-аналар көмегімен ұйымдастырылатын «Қайырымдылық акциясы» және т.б. шараларды айтуға болады. Математика пәнін оқыту өз қиындықтарымен талай тосқауылға тап болуымен қоса, оқушыны қызықтыра тереңіне бойлатып, сан-салалы тарауларға бағыттайтын, алуан түрлі тәсілдерге жетелейтін шытырман есептері мен тапсырмаларын игерудегі тынымсыз еңбектің нәтижесінде қол жеткізетін талаптарымен ерекшеленеді. Төмендегі келтірілетін кеңестер, жадынама, талаптар – оқу үрдісінде оқушыларға көмектескен, тәжірибемде жинақталған топтамалар.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұны бойынша әр түрлі технологияларды қолданып жұмыс жасап жатқан мұғалімдердің алдына қойған мақсаты қалай да алдымызда отырған білім алушылардың білім алуына барынша мүмкіндік жасау. Оларға психологиялық жағымды ахуал тудыру, ынталандыру мақсатында бағалаудың бірнеше түрлерін қолдану, өзінің мүмкіндігі мен қабілетіне қарай оқуы үшін саралап оқыту, сәйкесінше тапсырмалар дайындау, өзінен не күтілетінін түсіну үшін олармен белсенді қарым-қатынас орнату – осының бәрі білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына жасалып жатқан алғы шарттар, әрекеттер. Талай жылдан бергі іс-тәжірибемнен оқушылардың оқу әрекетіне қарай әр түрлі топтарға бөлуге болатынын байқадым. Кейбір оқушылар қалыптасқан, өз бетімен жұмыс істеп, ізденіп, берілген тапсырмаларды орындауға дайын болса, кейбір оқушылар оқу материалына тұрақты назар аудармай, үнемі қадағалап, бақылауда ұстауды қажет етеді, тағы да бір топ жаттанды әрекет жасаса, ал келесілері тапсырманы баяу орындап, көмектесуді қажет етеді. Сондықтан да, әр білім алушының сұранысын жауапсыз қалдырмау, мүмкіндігінше олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру – бүгінгі педагогтың шешімін табар мәселесі болып саналады. Өмір бойы білім алу қағидасына сүйенсек, Ы.Алтынсариннің білім – сарқылмайтын байлық деп теңеуінің астарына терең бойлап, ешқашан маңызын жоғалтпайтын шығармаларының келешек ұрпақтың сусындаса, шөл қандыратын бастауы боларына ешкім күмәнданбақ емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Әдістемелік нұсқау хат» / Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
2. **Дербісәлин Ә.** «Әдебиет туралы толғаныстар» / А., 1990 ж.
3. **Кәкішев Т.** «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» / А., 1994 ж.
4. **Керімбаев Н.** «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» / А., 1995 ж.
5. **Қирабаев С.** «Бес ғасыр жырлайды 2-т» / А., 1989 ж.
6. **Ламашев Ә.** «Ыбырай Алтынсарин» / А., 1991 ж.
7. **Сыздықов Ә.** «Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» / А., 1969 ж.

УДК 378

РОЛЬ САМООБРАЗОВАНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА

Смолева Н. В. – преподаватель специальных дисциплин, КГКП «Костанайский строительный колледж», г.Костанай.

В данной статье рассматривается тема самообразования, обосновывается важность самосовершенствования преподавателей, говорится о том, что работа над собой является неотъемлемой частью жизнедеятельности педагогов и способствует росту их квалификации.

Ключевые слова: образование, самообразование, профессиональная деятельность, архитектура, строительство, нормативные документы, мотивация.